

«Академиялық адалдық» тақырыбындағы сурет көрмесі



Бүгін 27.11 мектебімізде оқушылардың өз қолымен салған туындыларынан құралған «Академиялық адалдық» тақырыбындағы сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің мақсаты – жасөспірімдердің адал білім алуға деген көзқарасын шығармашылық арқылы жеткізу, академиялық мәдениет пен әділдік қағидаттарын өнер тілімен түсіндіру.

Оқушылар өз суреттерінде:

- адалдық пен әділдік,
- жеңіл жол емес, адал еңбек,
- плагиат пен көшірудің зияны,
- академиялық адалдықтың құндылығы сияқты тақырыптарды түрлі жанрда бейнеледі.

Әр туындыда балалардың өзіндік ойы, шығармашылық ізденісі және адалдыққа деген көзқарасы көрініс тапты. Көрме мектеп ұжымына, оқушыларға және ата-аналарға үлкен әсер қалдырды.

Осындай іс-шаралар жас ұрпақты жауапкершілікке тәрбиелеп, академиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.